

Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 681 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік бағдарламалар тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Тізбеде көрсетілген мерзімге сәйкес мемлекеттік бағдарламалардың жобаларын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне енгізісін.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2010 жылғы 19 наурыздағы
№ 957 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Мемлекеттік бағдарламалар тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 25.01.2016 N 182; өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 14.02.2017 № 420 Жарлықтарымен.

Атауы	Мемлекеттік бағдарламаларды	Қазақстан Республикасы
-------	-----------------------------	------------------------

Р/с №		Өзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу мерзімі	іске асыру мерзімі	Президентінің Әкімшілігіне енгізу мерзімі
1	2	3	4	5	6
1.	Инфрақұрылымды дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған "Нұрлы жол" <u>мемлекеттік бағдарламасы</u>	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі	2015 жылғы 2 наурызға дейін	2015 - 2019 жылдар	2015 жылғы 12 наурызға дейін
2.	Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған <u>мемлекеттік бағдарламасы</u>	Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі	2014 жылғы 1 маусымға дейін	2015 - 2019 жылдар	2014 жылғы 1 шілдеге дейін
3.	"Ақпаратты Қазақстан - 2020" <u>мемлекеттік бағдарламасы</u>	Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі	2012 жылғы 1 қарашаға дейін	2013 - 2019 жылдар	2012 жылғы 1 желтоқсанға дейін
4.	Діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі <u>мемлекеттік бағдарлама</u>	Қазақстан Республикасының Б а с прокуратурасы	2013 жылғы 1 тамызға дейін	2013 - 2017 жылдар	2013 жылғы 1 қыркүйекке дейін
5.	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" <u>мемлекеттік бағдарламасы</u>	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	2015 жылғы 15 қарашаға дейін	2016 - 2019 жылдар	2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін
6.	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	2016 жылғы 10 ақпанға дейін	2016 - 2019 жылдар	2016 жылғы 1 наурызға дейін
7.	Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың <u>мемлекеттік бағдарламасы</u>	Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі	2010 жылғы 1 қазанға дейін	2011 - 2019 жылдар	2010 жылғы 1 қарашаға дейін
8.	Алып тасталды - ҚР Президентінің 14.02.2017 № 420 Жарлығымен.				
9.	Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	Қазақстан Республикасы А у ы л шаруашылығы министрлігі	2016 жылғы 1 желтоқсанға дейін	2017-2021 жылдар	2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін